

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:  
[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

GoGEAR

Сұрағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз

SA5MXX



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі

---

<b>1 Маңызды қауіпсіздік ақпараты</b>	2
Жалпы қызмет көрсету	2

---

<b>2 Сіздің жаңа ойнатқышыңыз</b>	5
Қораптың құрамы	5
Ойнатқышқа арналған компьютердің бағдарламалық жасақтамасы	5
Ойнатқыштағы жүктелген файлдар	5
Жалпы шолу	5
Басқару элементтері	5
Негізгі экран	6
Пернелерді құлыптау/құлпын ашу	6
Экранды қосу/өшіру	6

---

<b>3 Жұмысты бастау</b>	7
Зарядтау қуаты	7
Ойнатқышты қосу немесе өшіру	7
Автоматты күту режимі және өшіру	7

---

<b>4 Музыка</b>	8
Музыканы ойнатқышқа тасымалдау	8
Ойнатқыштағы музыканы табу	8
Музыканы өлең ақпараты бойынша табу	8
Музыканы файл қалтасы арқылы табу	8
Музыканы ойнату	8

---

<b>5 FM радиосы</b>	10
Радио станцияларды реттеу	10
Автоматты түрде реттеу	10
Қолмен реттеу	10

---

<b>6 Жазбалар</b>	11
Жазбаларды жасау	11
Дауыс жазу	11
FM радиосынан жазу	11
Жазбаларды тыңдау	11
Бір немесе бірнеше жазбаны жою	12
Жазбаларды компьютерге кері жүктеу	12

---

<b>7 Қалта көрінісі</b>	13
-------------------------	----

---

<b>8 Параметрлер</b>	14
Ойнату режимі	14
Дыбыс параметрлері	14
Көрсету параметрлері	14
Экранды өшіру таймері	14
Тіл	14
Ақпарат	15
Зауыттық параметрлері	15

---

<b>9 Philips Device Manager мүмкіндігі арқылы микробағдарламаны орнату</b>	16
--	----

---

<b>10 Ақаулықтарды жою</b>	18
----------------------------	----

---

<b>11 Техникалық мәліметтер</b>	19
Компьютерге қойылатын талаптар	19

## Көмек керек пе?

Мына торапқа кіріңіз:

### <Веб-торап>

бұл жерде пайдаланушы нұсқаулығы, ең соңғы бағдарламалық жасақтама жаңартулары және жиі қойылатын сұрақтардың жауаптары сияқты қолдау көрсететін материалдардың барлығына қол жеткізе аласыз.

# 1 Маңызды қауіпсіздік ақпараты

## Жалпы қызмет көрсету

Бұл құжаттың аудармасы тек анықтама ретінде берілген.

Ағылшын нұсқасы мен аударылған нұсқасы арасында қандай да бір сәйкессіздік болған жағдайда ағылшын нұсқасы басымырақ болады.

### Ескерту

- Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Құрылғыны жылыту жабдығы немесе тікелей күн сәулесі сияқты қатты ыстық жерде пайдаланбаңыз.
- Ойнатқышты түсіріп алмаңыз немесе үстіне басқа заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз. Құлақаспап ұяшығына немесе батарея бөліміне су кіргізіп алмаңыз, себебі су құрылғыға қатты зақым келтіруі мүмкін.
- Жақын жердегі белсенді ұялы телефондар кедергі келтіруі мүмкін.
- Файлдарыңыздың сақтық көшірмесін жасаңыз. Жүктелген түпнұсқа файлдар құрылғыңызда сақталғанына көз жеткізіңіз. Егер құрылғы зақымдалса немесе оқылмаса / түсініксіз болса, Philips компаниясы деректердің жоғалуына жауапты болмайды.
- Ақауларды болдырмау үшін музыка файлдарыңызды тек берілген музыкалық бағдарламалық жасақтамамен басқарыңыз (тасымалдау, жою, т.б.).
- Құрамында спирт, аммиак, бензин немесе абразивті заттары бар тазартқыш құралдарды қолданбаңыз, құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.

## Жұмыс істеу және сақтау температурасы туралы

- Температурасы әрқашан 0 және 45°C (32 - 113°F) арасында болатын жерде қолданыңыз
- Температурасы әрқашан -20 және 45°C (-4 - 113°F) арасында болатын жерде сақтаңыз.
- Батареяның жарамдылығы төмен температура шарттарында қысқаруы мүмкін.

## Қосалқы бөлшектері/керек-жарақтары:

Қосалқы бөлшектерге/керек-жарақтарға тапсырыс беру үшін [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) веб-торабына кіріңіз.

## Есту қауіпсіздігі



### Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз:

Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.

Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін: Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.

Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.

Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.

Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.

Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.

Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.

Құлақспапты көлік жүргізгенде, велосипед, скейтборд т.б. пайдаланғанда қолданбаңыз; апатты жағдай туғызады және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.

### Өзгерістер

Өндіруші тікелей мақұлдамаған өзгертулер пайдаланушыны бұл өнімді қолдану құқығынан айыруы мүмкін.

### Авторлық құқық туралы ақпарат

Барлық басқа белгілер және өнім атаулары тиісті компаниялардың немесе ұйымдардың сауда белгілері болып табылады.

Кез келген жазбаны не Интернеттен жүктелген болсын не аудио ықшам дискіден жасалған болсын рұқсатсыз көшіру авторлық құқықтарды және халықаралық келісімдер құқығын бұзу болып табылады.

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс. Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

**Жауапты болыңыз! Авторлық құқықтарды құрметтеңіз.**



**Be responsible  
Respect copyrights**

Philips компаниясы басқалардың интеллектуалды меншік құқықтарын құрметтейді және пайдаланушыларынан осыны орындауды сұрайды. Интернеттегі мультимедиа мазмұнын жасауға және/немесе түпнұсқалық авторлық құқық иесінің рұқсатынсыз үлестіруге болады. Рұқсат етілмеген мазмұнды көшіру немесе тарату әртүрлі елдерде, оның ішінде сіздің елде де авторлық құқықты бұзу болып табылады.

Авторлық құқық заңдарын орындау сіздің жауапкершілігіңізде.

Компьютеріңізге жүктелген бейне ағындарды шағын ойнатқышқа жазу және тасымалдау тек жалпы доменмен немесе дұрыс лицензияланған мазмұнмен пайдалануға арналған. Мұндай мазмұнды жеке, коммерциялық емес мақсатта пайдалануыңыз және жұмыстың авторлық құқық иесі қамтамасыз еткен авторлық құқық нұсқауларын құрметтеуіңіз керек. Мұндай нұсқау ешқандай қосымша көшірме жасалмау керектігін білдіреді. Бейне ағындарында қосымша көшіруге тыйым салатын көшіруден қорғау технологиясы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, жазу функциясы жұмыс істемейді және сіз хабар арқылы хабарландырыласыз.

### Деректерді жүргізу журналы

Philips компаниясы өнімнің сапасын жақсартуға және Philips пайдаланушы әрекеттестігін кеңейтуге міндеттенеді. Осы құрылғының пайдалану профилін түсіну үшін бұл құрылғы аппараттың энергияға тәуелді емес жады аймақтарына кейбір ақпаратты / деректерді тіркейді. Бұл деректер пайдаланушы құрылғыны пайдалану кезінде кездесуі мүмкін кез келген қателерді немесе ақауларды анықтау және табу үшін

пайдаланылады. Сақталған деректер, мысалы, музыка режиміндегі ойнату ұзақтығы, тюнер режиміндегі ойнату ұзақтығы, батарея деңгейінің аз болғаны туралы ақпараттың қанша рет пайда болғаны, т.б. Сақталған деректер құрылғыда немесе жүктеулер көзінде пайдаланылатын мазмұнды немесе мультимедианы көрсетпейді. Құрылғыда сақталған деректер ТЕК пайдаланушы құрылғыны қызмет көрсету орталығына апарған жағдайда және ТЕК қатенің анықталуын жеңілдету және оны болдырмау үшін ғана шығарып, алынып пайдаланылады. Сақталған деректер пайдаланушыға алғашқы сұрауында қол жетімді болуы тиіс.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.



## 2 Сіздің жаңа ойнатқышыңыз


### Қораптың құрамы

Төмендегі элементтерді алғаныңызға көз жеткізіңіз:

Ойнатқыш



Құлақаспаптар



Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы



Қауіпсіздік және кепілдік парағы



### Ескертпе

- Суреттер тек сілтеме үшін берілген. Philips түсті/дизайнды ескертусіз өзгерту құқығын сақтайды.

### Ойнатқышқа арналған компьютердің бағдарламалық жасақтамасы

**MIX** келесі компьютер бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істейді:

- **Philips Device Manager**  
(микробағдарлама жаңартуларын алуға және ойнатқышты қалпына келтіруге көмектеседі)


### Ойнатқыштағы жүктелген файлдар

Төмендегі файлдар **MIX** жүктелді:

- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жиі қойылатын сұрақтар

### Жалпы шолу

#### Басқару элементтері



- 1** **▶||**
  - Басып тұру: ойнатқышты қосады немесе өшіреді
  - Басу: опцияларды таңдау немесе ойнатуды бастау/кідірту/жалғастыру
- 2** **🏠 / 🔒**
  - Басу: бір деңгейге қайту
  - Басып тұру: барлық түймелерді құлыптау/құлпын ашу
- 3** **● ● / ●**
  - параметрлер тізімінде:

Басу: алдыңғы/келесі параметрге өту  
**ойнату экранында:**  
Басу: келесі/алдыңғы файлға өткізіп жіберу  
Басып тұру: ағымдағы файл ішінен іздеу

④ 

- Қуат зарядтау және деректерді тасымалдау мақсатында USB қосқышын пайдалану үшін қақпақты алып тастау

⑤ **Дыбыс деңгейі түймешіктері**

- Басу: дыбыс деңгейін көбейту/азайту
- Басып тұру: дыбыс деңгейін жылдам көбейту/азайту

⑥ **RESET**


- Экран пернелерді басқан кезде жауап бермесе, қаламның ұшымен тесікті басыңыз

⑦ 

- 3,5-мм құлақаспап қосқышы



⑧ **MIC**

- Дыбыс жазуға арналған микрофон

- Алдыңғы экрандарға қайта өту үшін  түймесін қайта-қайта басыңыз.

## Пернелерді құлыптау/құлпын ашу

Ойнатқыш қосулы кезде кездейсоқ іске қосылуды болдырмау үшін құлыптауды пайдаланыңыз.

- Пернелерді құлыптау немесе құлпын ашу үшін  /  түймешігін басып тұрыңыз.  
↳ Дыбыс деңгейі пернелерінен басқа барлық түймешіктер құлыпталады және құлып белгішесі көрсетіледі.

## Экранды қосу/өшіру

Қуатты үнемдеу үшін алдын ала анықталған уақыт ұзақтығы

- егер **MIX**; ешқандай жаңа әрекет орын алмаса және
- **\* > [Display settings] > [Screen off timer]** ішінен мән таңдалса экран автоматты түрде өшіріледі.




**Қуатты үнемдеу күйінен шығу үшін,**

- Кез келген пернені басыңыз.

## Негізгі экран


Мәзір	Режим	Әрекет
	Музыка	музыканы ойнату
	FM радиосы	FM радиосын реттеу; FM радиосынан жазу
	Жазбалар	жазбаларды жасау немесе тыңдау
	Қалта көрінісі	қалталардағы файлдарды көру
	Параметрлер	<b>MIX</b> параметрлерін теңшеу
	Қазір ойнатылуда	ағымдағы ойнату экранын көрсету

## Негізгі экраннан шарлау

- Басты экраннан функциялық мәзірлерге  /  және  жылжу түймелерін басу арқылы кіруге болады.





# 3 Жұмысты бастау



↳ Жыпылықтаған батарея экраны батарея зарядының аздығын көрсетеді. Ойнатқыш барлық параметрді сақтап, 60 секундтың ішінде өшеді.

## Зарядтау қуаты

MIX құрылғысында компьютердің USB ұяшығы арқылы зарядтауға болатын бекітілген батарея бар. USB қақпағын алып, MIX құрылғысын компьютерге қосыңыз.



### Ескертпе

- Қайта зарядталмалы батареяларының зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.
- Зарядтау анимациясы тоқтап, зарядтау процесі аяқталған кезде белгішесі шығады.

Батарея зарядын үнемдеу және ойнату уақытын ұзарту үшін MIX ішіндегі мына әрекеттерді орындаңыз:

- Артқы жарық таймеріне төмен мәнді қойыңыз (\* > [Display settings] > [Screen off timer] тармағына өтіңіз).

## Ойнатқышты қосу немесе өшіру

Ойнатқыш қосылғанға немесе өшірілгенге дейін түймесін басып тұрыңыз.

## Автоматты күту режимі және өшіру

Ойнатқышта батарея қуатын үнемдейтін автоматты күту режимі және өшіру мүмкіндігі бар.

Күту режимінде (ойнатылмаса, ешқандай түймешік басылмаса) 5 минуттан кейін, ойнатқыш өшіріледі.

### Ескертпе

- MIX құрылғысын компьютерге жалғаған кезде, сізден қысқаша: [Charge & transfer] немесе [Charge & play] таңдау сұралады.
- Ешқандай таңдау жасалмаса, MIX құрылғысы [Charge & transfer] параметрін автоматты түрде қолданады.


## Батарея деңгейін көрсету

Дисплей батарея зарядының деңгейлерін шамамен былайша көрсетеді:



## 4 Музыка

### Музыканы ойнатқышқа тасымалдау



Компьютердің мультимедиа кітапханасындағы музыканы **MIX** құрылғысына келесі жолдармен тасымалдауға болады:

Музыка файлдарын Windows Explorer терезесіне апарып тастаңыз.

**Музыка файлдарын Windows Explorer терезесіне апарып тастау үшін**

- 1 **MIX** құрылғысын компьютерге жалғаныз.
- 2 Компьютерде **Менің компьютерім** немесе **Компьютер** тармағының астында
  - **MIX** құралын таңдап, файл қалталарын жасаңыз.
- 3 Компьютерде музыка файлдарын **MIX** құрылғысындағы файл қалталарына апарып тастаңыз.
  - Сонымен қатар, компьютерден **MIX** құралына файл қалталарын сүйреп апарыңыз.

### Ойнатқыштағы музыканы табу

#### Музыканы өлең ақпараты бойынша табу

🎵 ішінде түрлі жиындар астында метадеректер немесе ID3 тегі арқылы сұрыпталған өлеңдер: **[Artists]**, **[Albums]** немесе **[All songs]**.

##### [Artists]

- Өлеңдер орындаушы бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады;
- Әрбір орындаушы астында өлеңдер альбом бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

##### [Albums]

- Өлеңдер альбом бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

##### [All songs]

- Өлеңдер өлең тақырыбы бойынша әліпбилік ретпен сұрыпталады.

#### Музыканы файл қалтасы арқылы табу

■ экранында музыканы файл қалтасы арқылы табыңыз.

### Музыканы ойнату

- 1 Музыка файлын таңдау үшін ●● / ● түймесін басыңыз.
- 2 Ойнатуды бастау үшін ►► түймесін басыңыз.
  - ↳ Ойнату ағымдағы өлеңнен басталады.

↳ Ойнату экранында файл туралы ақпаратты және ойнату күйін көруге болады.

### 3 Ойнатып жатқан кезде

- Ойнатуды кідірту және жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.
- Алдыңғы экранға өту үшін, ⏮ түймесін басыңыз.
  - ↳ Ойнату экраны бірнеше секундтан кейін оралады.



Ойнату экранындағы музыка файлын таңдау үшін

- ●● (●) түймесін қайталап таңдаңыз.

Ағымдағы өлеңді артқа немесе алға жылдам айналдыру үшін

- Ойнату экранында ●● / ● түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

# 5 FM радиосы



## Ескертпе

- Радио станцияларды реттеген кезде, берілген құлаққаптарды жалғаңыз. Құлаққаптар антенна ретінде де қызмет атқарады. Жақсырақ қабылдау үшін құлаққап сымдарын әр түрлі бағыттарда жылжытыңыз.



## Кеңес


- Жаңа орынға көшкен кезде (мысалы, жаңа қала немесе мемлекет), жақсырақ қабылдау үшін автоматты реттеу параметрін қайта іске қосыңыз.

## Радио станцияларды реттеу

### Автоматты түрде реттеу

Радионы алғаш рет қосқан кезде, станцияларды іздеу үшін автоматты түрде реттеу қызметін бастаңыз.

- 1 Басты экраннан > [Auto tune] тармағына өтіңіз.
  - ↳ 20 станцияға дейін алдын орнатылған станция сақталады.
  - ↳ Бірінші алдын ала орнатылған станция ойнатыла бастайды.



- 2 Ойнату экранында алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін ●● немесе ● түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Ойнатуды бастау немесе дыбысын өшіру/қосу үшін ►|| түймесін басыңыз.
  - ↳ Келесіде бетіне өткен кезде, алдын ала орнатылған станцияны тыңдау үшін [Presets] параметрін таңдаңыз.

### Қолмен реттеу

Жилікті немесе станцияны іздеу үшін қолмен реттеуді қолданыңыз.

- 1 Басты экраннан > [Manual tuning] тармағына өтіңіз.
  - ↳ Соңғы ойнатылған станция ойнатуды бастайды.
- 2 Ойнату экранында ●● немесе ● түймесін басып тұрыңыз.
  - ↳ Ағымдағы жиіліктен келесі станцияны реттейсіз.
  - Дәлдеп реттеу үшін ●● немесе ● түймесін қайталап басыңыз.

# 6 Жазбалар

мұнда XXX — автоматты түрде жасалатын жазба нөмірі.)

## ✳ Кеңес

- Сондай-ақ, жазбаларды **☑ > RECORD > VOICE** ішінен табуға болады.


## Жазбаларды жасау

**MIX** құралымен жазуға болады:

- ендірілген микрофон арқылы бейнелерді немесе дыбысты немесе
- ойнатқышта радио ойнатылған кезде, радио бағдарламаларын.

## Дауыс жазу

- 1 Басты экранда **🗨 > [Start voice recording]** тармағын таңдаңыз. **↪** Жазба экраны көрсетіледі.
- 2 Микрофонның жазылатын дыбыс көзіне жақын орналасқанын тексеріңіз.



○ MIC

- 3 Уақытша тоқтату және жазба арасында ауыстырып қосу үшін **▶||** түймесін басыңыз. Тоқтату үшін, **↶** түймесін басыңыз. **↪** Жазбалар **🗨 > [Recordings library] > [Voice recordings] > RECORD > VOICE** қалтасына сақталады. (Файл атауының пішімі: VOICEXXX.WAV,

## FM радиосынан жазу

- 1 **📻** параметрінде радио станцияны реттеңіз.
- 2 **[Start FM radio recording]** параметрін таңдау үшін **↶** түймесін басыңыз. **↪** FM радиосынан жазуды бастайсыз.
- 3 Уақытша тоқтату және жазба арасында ауыстырып қосу үшін **▶||** түймесін басыңыз. Тоқтату үшін, **↶** түймесін басыңыз. **↪** Жазбалар **🗨 > [Recordings library] > [FM radio recordings] > RECORD > RADIO** қалтасына сақталады. (Файл атауының пішімі: FMXXX.WAV, мұнда XXX — автоматты түрде жасалатын жазба нөмірі.)

## ✳ Кеңес

- Сондай-ақ, жазбаларды **☑ > RECORD > RADIO** ішінен табуға болады.
- FM радио жазбасының мүмкіндігі кейбір нұсқаларда ғана қол жетімді болады. Сіз үшін қол жетімді мүмкіндіктерді табу үшін ойнатқыштың экрандағы мәзірін қараңыз.

## Жазбаларды тыңдау

- 1 Жазбаны таңдаңыз.
- 2 Жазбаны ойнату үшін **▶||** түймесін басыңыз.

---

## Бір немесе бірнеше жазбаны жою

Бұл — Windows Explorer терезесінде жазбаларды жою жолы:

- 1 **MIX** құрылғысын компьютерге қосыңыз.
- 2 Windows Explorer терезесінде **RECORD** қалтасын табыңыз.
- 3 Жазбаларды әдетте компьютерде жойғандай жойыңыз.

---

## Жазбаларды компьютерге кері жүктеу

- 1 **MIX** құрылғысын компьютерге қосыңыз.
- 2 Windows Explorer терезесінде **MIX** құрылғысын ашыңыз.
- 3 **RECORD** қалтасын таңдаңыз.
- 4 Жазбаларды компьютердегі кез келген орынға көшіріп, қойыңыз.

## 7 Қалта көрінісі

Ойнатқыштағы мультимедиа кітапханасынан мультимедиа файлдарын қарау және ойнату үшін ■ тармағына өтіңіз.

# 8 Параметрлер

\* параметрінде ойнатқыш үшін параметрлерді таңдаңыз.

- 1 Опцияны таңдау үшін ●●/● түймесін басыңыз.
- 2 Растау үшін, ►|| түймесін басыңыз.

## Ойнату режимі

[Play mode] ішінде музыка/жазба ойнату үшін ойнату режимдерін таңдау:

### [Repeat]

[Repeat 1] ағымдағы өлеңді/жазбаны қайталайды.

[Repeat all] ағымдағы қалтадағы барлық өлеңдерді/жазбаларды қайталайды.

### [Shuffle]

[Shuffle all] ағымдағы қалтадағы барлық өлеңдерді/жазбаларды кездейсоқ ретпен ойнатады.

Егер [Repeat all] және [Shuffle all] режимінің екеуі де қосылып тұрса,

- ағымдағы қалтадағы барлық өлеңдер/жазбалар кездейсоқ ретпен қайталанады.

## Дыбыс параметрлері

[Sound settings] ішінде дыбыс параметрлері үшін опцияны таңдаңыз:

[FullSound] Музыканы сығу кезінде жоғалатын дыбыстық мәліметтерді қалпына келтіреді (мысалы, MP3, WMA).

[Equalizer] Дыбыс параметрлерін қалауыңыз бойынша анықтайды.

[Volume limit] Құрылғыға ең жоғарғы дыбыс деңгейін орнатады. Осылайша дыбыс деңгейін әрдайым естуге қауіпсіз деңгейде ұстауға болады. Дыбыс деңгейінің шегін орнату үшін ●●/● түймесін басыңыз; құптау үшін ►|| түймесін басыңыз.

### Ескертпе

- FullSound таңдалғанда, эквалайзер ажыратылады.

## Көрсету параметрлері

### Экранды өшіру таймері

MIX құрылғысында ешбір жаңа әрекет орындалмаса, экран әрекетсіздік режиміне өтеді. Алдын ала анықталған уақыт ұзақтығынан кейін, әрекетсіздік экраны автоматты түрде өшеді. Батарея қуатын үнемдеу үшін уақыт ұзақтығына төменгі мәнді таңдаңыз.

Уақыт аралығын орнату үшін,

- [Display settings] > [Screen off timer] ішінен уақыт ұзақтығын таңдаңыз.
  - ↳ Уақыт аралығы таңдалғаннан кейін, жұмыс істемейтін экран автоматты түрде өшеді.

Қуатты үнемдеу күйінен шығу үшін,

- Кез келген пернені басыңыз.

## Til

[Language] ішінде ойнатқышқа тіл таңдаңыз.



---

## Ақпарат

[**Information**] параметрінде ойнатқыш туралы келесі ақпаратты біліңіз:

- [**Capacity:**] жад көлемі
- [**Free space:**] қол жетімді бос орын
- [**Firmware version:**] ағымдағы микробағдарлама нұсқасы  
Қолдау торабынан  
микробағдарламаны жаңартқан  
кезде, микробағдарлама нұсқасын  
тексеріңіз.
- [**Model:**] толық өнім атауы  
Қолдау торабынан  
микробағдарламаны жаңартқан  
кезде, толық өнім атауын тексеріңіз.
- [**Support site:**] құрылғы үшін қолдау  
көрсететін веб-торап


---

## Зауыттық параметрлері

[**Factory settings**] параметрінде ойнатқыштың зауыттық параметрлерін қалпына келтіріңіз. Ойнатқышқа жіберілген файлдар сақталады.

# 9 Philips Device Manager мүмкіндігі арқылы микробағдарламаны орнату

Philips Device Manager мүмкіндігін орнату




- 1 MIX құралын компьютерге қосыңыз.
- 2 Компьютерде **Менің компьютерім** (Windows XP / Windows 2000) / **Компьютер** (Windows Vista / Windows 7 / Windows 8) тармағын таңдаңыз.
- 3 **Philips GoGear MIX** белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен нұқыңыз. **Philips Device Manager мүмкіндігін орнату** пәрменін таңдаңыз.
  - Сонымен қатар, **Philips GoGear MIX** белгішесін нұқыңыз. **installer.exe** файлын екі рет нұқыңыз.
- 4 Бағдарламалық құралды орнатуды аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Ескертпе


- Орнату лицензия шарттарымен келісуді талап етеді.

Микробағдарламаны жаңартуларды тексеру

- 1 Компьютердің Интернетке қосылғанын тексеріңіз.
- 2 **Philips Device Manager** мүмкіндігін іске қосыңыз.
  - ↳ Тілқатысу терезесі көрсетіледі.
- 3 **MIX** құралын компьютерге қосыңыз.
  - ↳ Құрылғы қосылған кезде, «SA5MXXXX» мәтін жолағында көрсетіледі.
  - ↳ Құрылғының ағымдағы микробағдарлама нұсқасын табуға болады.



- 4 Микробағдарламаны жаңартуларды тексеру үшін,
  - ① **Philips Device Manager мүмкіндігінің** тілқатысу терезесін жабыңыз.
  - ② **Компьютер экранының негізінде** параметрін тінтуірдің оң жақ түймесін нұқып, **Жаңартуларды тексеру** пәрменін таңдаңыз.



↳ Philips SA5MXXXX Device Manager Интернеттен жаңартуларды тексереді.

### Микробағдарламаны жаңарту

- 1 Микробағдарламаны жаңарту қол жетімді болған кезде, микробағдарламаны жүктеп алып, орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 2 Компьютерден **MIX** мүмкіндігін ажыратыңыз.
  - ↳ Микробағдарлама жаңартылғаннан кейін және қайтадан пайдалануға дайын болғанда, **MIX** қайта іске қосылады,

# 10 Ақаулықтарды жою

**MIX** құралы дұрыс жұмыс істемесе немесе дисплей қатып қалса, деректерді жоғалтпай оны қалпына келтіруге болады:

**MIX құралын қалай қалпына келтіремін?**

- **MIX** құралындағы қалпына келтіру тесігіне қалам ұшын немесе басқа затты кіргізіңіз. Ойнатқыш өшірілгенше ұстап тұрыңыз.
- Қалпына келтіру параметрі сәтсіз болса, **Philips Device Manager** бойынша **MIX** құралын қалпына келтіріңіз:

**1** Компьютерде **Philips Device Manager** параметрін іске қосыңыз.

**2** Қалпына келтіру күйіне еніңіз:

- ① **MIX** құралын өшіріңіз.
- ② **Дыбыс деңгейін арттыру** түймесін басып тұрыңыз да, **MIX құрылғысын** компьютерге қосыңыз.
- ③ **Philips Device Manager** **MIX** құралын танымайынша және қалпына келтіру күйіне енбейінше, түймені ұстап тұра беріңіз.

**3** Қалпына келтіру процесін бастау:

- ① **Philips Device Manager** параметрінде **Қалпына келтіру** түймесін басыңыз. **Қалпына келтіру** процесін аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- ② **Қалпына келтіру** аяқталған кезде, **MIX** құралын компьютерден ажыратыңыз.

**4** **MIX** құралын қайта іске қосыңыз.

# 11 Техникалық мәліметтер

- СКД 128 x 64 пиксель



## Ескертпе

- <sup>1</sup> Зарядталатын батареяларда зарядтау кезеңінің шектеулі саны бар. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.
- <sup>2</sup> 1ГБ = 1 млрд. байт, қол жетімді сақтау мүмкіндігі азырақ. Толық жад көлемі қол жетімді болмайды, себебі кейбір жад бөлігі ойнатқыш үшін сақталады. Сақтау көлемі әрбір әуенге 4 минуттан негізделеді және 128 Кб/сек МРЗ шифрлау үшін қолданылады.
- <sup>3</sup> Тасымалдау жылдамдығы амалдық жүйеге және бағдарламалық құрал теңшеліміне байланысты болады.

## Электр қуаты

- Ток көзі: 150 мА литий-ионды полимерлі ішкі зарядталатын батарея
- Бейне ойнату уақыты<sup>1</sup>  
Дыбыс (.mp3): 13 сағатқа дейін  
Радио: 7 сағатқа дейін

## Бағдарламалық жасақтама

- **Philips Device Manager:** аппараттық құралды жаңарту және ойнатқышты қалпына келтіру үшін

## Байланыс мүмкіндігі

- Құлаққап 3,5 мм
- USB 2.0 жоғары жылдамдықты

## Дыбыс

- Арнаны бөлу: 40 дБ
- Жилілік жауабы: 45 - 16 000 Гц
- Шығыс қуаты: 2,4 мВт
- Сигнал-шу коэффициенті: > 75 дБ

## Дыбысты ойнату

Қолданылатын пішімдер:

- МРЗ  
Берілім жылдамдығы: 8-320 кбит/сек және VBR  
Іріктеу жиілігі: 8, 11,025, 16, 22,050, 24, 32, 44,1, 48 кГц
- WMA (қорғалмаған)  
Берілім жылдамдығы: 10-320 кбит/сек CBR, 32-192 кбит/сек VBR  
Іріктеу жиілігі: 8, 11,025, 16, 22,050, 32, 44,1, 48 кГц
- WAV

## Сақтау құралы

Ендірілген жад көлемі<sup>2</sup>:

- SA5MXX02 2 Гбайт NAND флеш-жады
- SA5MXX04 4 GB NAND Flash
- SA5MXX08 8 Гбайт NAND флеш-жады

## Мультимедианы тасымалдау<sup>3</sup>

- Windows Explorer (сүйреп апару)

## Бейне

## Компьютерге қойылатын талаптар

- Windows® XP (SP3 немесе жоғары) / Vista / 7 / 8
- Pentium III 800 МГц процессоры немесе одан жоғары
- 512 Мбайт RAM
- 500 Мбайт қатты дискідегі бос орын
- Интернет байланысы
- Windows® Internet Explorer 6.0 немесе одан кейінгі
- USB порты



2015 © Gibson Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.  
Бұл өнімді Gibson Innovations Ltd. жасап шығарған және ол соның  
жауапкершілігімен сатылады. Gibson Innovations Ltd. осы өнімге  
кепілдік береді.

Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V.  
компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады. және  
Koninklijke Philips N.V. лицензиясына сәйкес пайдаланылады.

SA5MXX\_97\_77\_78\_UM\_V5.0\_wk1520.5